

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

**Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры**

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Айбосын Елеусінов

# ЖАҢА ӨМІРДІҢ ЖАРШЫЛАРЫ

Айтмағамбетов Боран  
Шарипов Сабыр  
Тілегенов Досы  
Мұқтанов Жұмағали



Алматы 2012

УДК 665.6/7  
ББК 26.343.1  
Е 45

Айбосын Елеусінов  
**Жаңа өмірдің жаршылары** – Алматы, 2012. 336 бет

ISBN 9965-816-47-6

Қазақ мұнайының даңқын әлемге әйгілеп, осы стратегиялық саланың бейнетін белшеден кешіп, құт мұнайдың арқасында еліміздің көркейіп – кемелденуі жолында күш-қайратын аямай жұмсаған халқымыздың ардагер ұл-қыздарының есімдері бүгінде тарих шежіресінің бел ортасынан берік орын алды.

Солардың алдыңғы сапында байырғы мұнайшы, Қазақ Республикасының тұңғыш бас прокуроры, құғын-сүргін құрбаны Боран Айтмағамбетов, қазақ мұнай өнеркәсібінің ірі қайраткері Сабыр Шарипов, белгілі күрескер ақын Досы Тілегенов, қазақта тұңғыш темір тұлпарды тізгіндеген Жұмағали Мұқтанов та бар.

Осы кітапта жоғарыда аттары аталған төрт ардагердің өмір жолдары, қайраткерлік істері шынайы әңгімеленеді.

УДК 665.6/7  
ББК 26.343.1

ISBN 9965-816-47-6

© ОФ «Мұнайшы», 2012

---

# *Ел аманатын арқалаған*

## *арыстар*

(алғы сөз)

Ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы: қасірет-қайғысы мен қуанышы, жыл белестерінде қатар өрілген сан ғасыр тарихы – бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі болар өнеге де қастер тұтып ғибрат қылар рухани қазына. Сол өшпес даңққа дақ түсірмей оны келешекке аманаттау аға ұрпақтың абзал борышы болған-ды. Десек те, олардың ұлағатты істерін насихаттау, сондай-ақ туған өлкемізді өркендетуге қосқан үлесін келер ұрпаққа тағлым ету бағытындағы сан алуан жұмыстар кезегін күтуде.

Әр аймақтың өркендеу жолы – әрқилы. Тарих тереңіне үңілсек, бабалар ғасырлар бойы елінің елдігін найзаның ұшымен де, даналық сөзімен де сақтап келеді.

Зымыран уақыт жылжып, талай белестерден өткен даналардың ғибратты сөздері, батырлардың қаһармандық істері ұрпақтар жадында жаттаулы да тарих шежіресінде хаттаулы.

Дүние жүзін дүр сілкіндірген Қазан төңкерісі Ресей патшасын тақтан тайдырумен ғана шектелмей бүкіл әлем халқына Азаттық ұранын жеткізіп, жаңа заманның басталғанын жария еткен-ді.

Нақтылап айтқанда Петербургтен таралған теңдік пен бостандық дабылы Ресейдің бір қиырындағы Ембі мұнайшыларының тіршілігіне де жаңа серпін бергені тарихтан белгілі.

Бұған дейін қысы-жазы ашық аспан астында 12-14 сағат бойы қол күшімен жасайтын жұмыс, талғажуға жетер-жетпес тағам, ондаған

адам паналаған жертөледегі тіршілік, кемсіту мен келеке, көпшілікті жайлаған сүзек ауруы, осында бастарына бақ іздеп келгендерді әбден титықтатқан болатын.

Сөйтіп Қазан төңкерісі Ресей патшалығына тәуелді ұлттар мен ұлыстарға бостандық лебін жеткізгендей болған. Алайда большевиктік билік патша өкіметінің қарамағында болған елдерден айырылғысы жоқ еді. Содан да бодандардың дербестік туралы талаптарына құлақ аспады. Бұрынғыша кіріптарлық сақталып қалды.

Ал билікті қолына алған кеңестік өкімет елдегі шаруашылықты өз білігінше жүргізе берді. «Большевиктер алмайтын қамал жоқ!» – дегендей дақпыртпен кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткіліксіздігіне қарамастан коммунистер ерекше маңызы бар өндіріс пен шаруашылықты басқаруға жіберіліп отырды. Кейіннен «сенімді ақтамағандарын» қатаң жазалап, болмаса түрмеге қамап, иә Сібірге жер аударып азаптады.

Сондай тауқыметті басынан өткергендердің бірі Қазақ АҚСР Әділет министрі, Гурьев уездік атқару комитетінің төрағасы, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны Казталовка аупарткомының бірінші хатшысы болған *Боран Айтмағамбетов* еді. Ол Доссорда 1917 жылы кәсіпшіліктің май құюшысы болып еңбекке араласып, республикалық дәрежедегі лауазымды жұмыстар атқарған қайраткер тұлға.

*Сабыр Шарипов* – қаламгерлігіне қоса Кеңес өкіметінің арнаулы өкілі ретінде Доссор мұнайын ел игілігіне жарату ісіне белсене араласып, 20-30 жылдарда Қазақ мұнайшыларының еңбектегі және саяси белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстардың ұйытқысы болған мақтаныштарымыздың бірі.

Балықшының баласы *Жұмағали Мұқтанов* сауатсыздығына қарамай техника тілін меңгеріп, темір тұлпардың «құлағында ойнаған» тұңғыш қазақ еді. Доссор мұнайшыларының өкілі ретінде В. Ленинді жерлеуге қатысқан қазақстандық бесеудің бірі болды.

*Досы Тілегенов* болса жергілікті әкім-қараның қудалауымен бес жыл Сібірге жер аударылған, елге қайтып келген соң Кеңес өкіметін нығайту ісіне белсене араласқан, мұнайшылардың мұң-мұқтажы туралы «Ерік» («Атырау») газетіне мақалалар жазып, өлеңдерін жариялаған. Сондай-ақ, Доссор мұнай кәсіпшілігінде жергілікті дау-шар комиссиясының төрағасы болып жұмыс жасап, қожайындардың әділетсіз шешімдерін жүзеге асырмай тастап жүрсе керек.

Кенестердің уездік съезіне делегат ретінде қатысу үшін Гурьевке (Атырау) барған сапарында (1924 жылғы 22 қараша) кенеттен ауырып қайтыс болады.

Мұнайшылар қауымы күрескер ақынын бұл өңірде бұрын-сонды болмаған құрметпен (үрмелі оркестрдің қошеметі және әскери салют) Доссор кентінің орталығындағы «Туысқандар зиратына» жерлеген.

Аталған арыстардың қай-қайсысы да замана ағымын терең түсініп, тағдырдың тезінде шындалған жандар болғанын олардың шыққан биіктерінен байқар да едік. Сондай-ақ, көксеген арман-мүдделерінің Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

*Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам?!*

– деген көкейкесті ойларымен сабақтастығын аңғарамыз. Сөйтіп олар ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін туған жерін түлетуге арнады. Бұл жолда олардың жаңа заманның қыр-сырына ілесе алмай дағдарған сәттері де, қате басқан қадамдары үшін опық жеп, қиналған кездері де болды. Алайда еңбекші бұқараның мүддесіне қарсы жандар емес-ті. Қайта халықтың әл-ауқатын жақсартып, келешегін кемелдендіруге талпыныс жасаған жаңа заманның жаршылары болатұғын.

Нақтылап айтқанда Қазан төңкерісінен кейін, өзгеше тұрпатты қоғамды орнатуға белсене араласып сөзімен ғана емес, жеке басының үлгісімен замандастарын жаңа өмірге бейімделуге үндегендер еді.

Олардың кей-кейде заман ағымын терең түсінбей дағдарған сәттері де болды ғой. Ақ жүрек адалдығынан қателіктерге ұрынып, аңғалдығынан шалыс басқан, иә аңғырттығынан опынып қалған кездері туралы көзкөргендер айтып та, жазып та кеткен.

Өкініштісі естеліктері ел ішінде еленбей, жазбалар мен жылнама-ларда толық көрсетілмей, яғни баспасөзде жарияланбай қалған. Бұны да сталиндік зұлматтың халық басына тудырған зобалаңының салдары десек орынды.

Азамат соғысынан бастау алған бұл саяси науқанға 2005 жылы Алматы қаласынан басылып шыққан «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» төмендегідей анықтама беріліпті (7 том, 63 бет):

– Саяси қуғын-сүргін – кеңестік – әміршілдік жүйенің саяси – таптық қарсыластарын тап жаулары, ұлтшылдар, жат пікірдегілер және әлеуметтік қауіпті элементтер ретінде саяси қудалау саясаты. Қазан төңкерісінен және КСРО-дағы Азамат соғысынан бастау алған саяси-қуғын сүргін науқандары Кеңес Одағы тарағанға дейін созылды.

Оның зардаптары туралы мәліметтермен танысқан әрбір адамның жаны түршікпей тұра алмас еді. Сол азалы жылдарда қазақ халқының басынан өткерген қасірет-қайғысын баян қылған бірер деректерді келтірейік.

Ардақтылардың аңызға пара-пар істері дем беріп, жаңа заманда ата және аға ұрпақтың лайықты ізбасарлары болуына тілектестігімізді білдіре отырып, жоғарыда аты аталған арыстардың өнегелі өмірлері туралы баян қылуды мақсат еттік.



---

# *Боран Айтмағамбетов*

## **ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ**

Туған халқының қиянаттан тартқан қасіретін жеңілдету жолында жеке басының қамын ойламай әділетсіздікті айыптағаны үшін құрбан болған арыстардың қайғылы қазаларына бір ғасырға таяу, соңғыларына жарты ғасырдан астам уақыт өткен екен. Әйтсе де олардың есімдері халық жадынан өшкен жоқ. Өйткені, бұл ұландардың мұнайлы өлкенің өркендеуі үшін қосқан үлесі – ұланғайыр. Алдыңғы, кешегі және бүгінгі ізбасарлары арқылы дарыған өнегесінің ғибраты жас ұрпақты жақсы істерге баулып келеді. Осылай аталар мен ағалардың ұрпаққа аманат қылған ерлік және еңбек дәстүрі жалғаса түсуде.

Солардың тобында қазақтың «қара алтынын» алғаш өндірушілердің бірі *Боран Айтмағамбетовтің* есімі де үлкен ілтипатпен аталады. Құрметтейтін мұнайшылар ғана емес бүкіл иісі қазақ ардақтайтын айтулы ұландарының бірі десек те артық айтқандық емес. Өйткені, ол қамшының сабындай қысқа өмірін туған халқының келешегі жолына арнап, сол үшін құрбан болды.

Атырау өңірінің күрескер ұлдарының бірі қазіргі Қызылқоға ауданының аумағындағы Саркөл атты қасиетті мекенде дүние есігін ашқан екен. Дәлірек айтсақ, бүгіндері бірер жеке қожалықтар қоныстанған Майкөл атты сорға айналған өзектің жағасында 1901 жылы өмірге келіпті.

Меншігіндегі он шақты қараның демеуімен күнкөріс жасап жүрген Айтмағамбет әке Доссордағы «қарамайдың» дүмпуіне елпендеп, сонда жұмысқа орналасады.

Ауыр жұмыстың ауыртпалығын көтере алмаған әке баз кешіп кеткен соң буыны бекіп, бұғанасы қатпаған бозбала Боран тіршілік қамытын мойнына біржолата іліп алды.

\* \* \*

Жерін қорғап, елінің еңсесін түсірмеу үшін күн-түн қатып жорықтарда жүрген бабалар туралы жыр-дастан жетерлік.

Десек те асылдарымызды жүрегімізде сақтағанмен оның есімін дауыстап атау, болмаса жазбаша жарияланымдарда көрсету мұң болған зар заман да өтті ғой, бастан.

Сол заманақыр күндер талайыма тап келеді деп, бұлар да әсте ойлаған жоқ-ты.

«Олар кімдер?» – деп сұрай қалсаңыз сталиндік зұлматтың құрбаны болған асылдардың есімі бірден есіңізге түсер еді.

Дереккөздерде көрсетілгендей Атырау облысы бойынша ондай жазықсыз жазалы болғандардың саны жеті мыңға жетсе, олардың 3365-і ақталған екен де, «үштіктің» шешімімен 2010 адамға әртүрлі жаза белгіленіп, 730-ына ең жоғарғы үкім кесіліпті.

Солардың қатарында алғашқы қазақ мұнайшыларының бірі, Қазақ КСР-ң тұңғыш Әділет министрі Боран Айтмағамбетовтің де өмір шамы өшкен екен.

Отағасысы дүниеден ертерек баз кешкен соң отбасының күйкі тірлігінен құтылып, еңсесін көтермек оймен Қапия ана ұлы Боран мен қызы Бәбішті жетектеп, Үйшік (Гурьев) асады ғой. Мұнда ол әлеуетті казактың (сол жылдарда оларды «казак-орыс» дейді) отбасына тап болып, сол үйдің отынымен кіріп, күлімен шығып, күнкөріс жасаса керек.

Ұлы мен қызын жетектеген мұңлықтың бұл қадамы алғашқыда сәтті болған-ды. Олай дейтініміз баспана түгел бас сұғар лашығы жоқ бейтаныс мекенге жеткенде паналайтын үй табыла кеткен-ді. Оның үстіне үйелмендері (ұлты басқа демесеңіз) мейірбан жандар болып шығады. Мұңлықтар олармен тез түсінісіп, тіл табысады. Содан да Боран орыс тілін тез үйреніп, қатарластарымен еркін сөйлесетін дәрежеге жетеді. Әлгілердің көмегімен әліппені де меңгеріп, сауатын ашады.

Осы жетістігі Боранды алғашқыда өрге сүйреген сыңайлы.

Б. Айтмағамбетов ҚР Президентінің мұрағатында сақтаулы жеке ісіндегі өз қолымен толтырған өмірбаяндық құжатында былай деп жазған екен:

– Мен, Айтмағамбетов Боран 1901 жылы Орал губерниясында Гурьев уезінің Сарыкөл болысында дүниеге келдім. Менің әкем Айтмағамбет 1912 жылға дейін байларға жалданып күнелткен батырақ болатын. 1912 жылдан Доссорда бұрғышы болып, сол жерде 1919 жылы қайтыс болды.

Мен өзім 1911-1914 жылдары Гурьевте қазақ мектебінде оқыдым. 1914 жылдан 1915 жылға дейін жеке меншіктегі шаруа қожалығында от жағушы, 1916 жылға дейін аула сыпырушы, 1916-1918 жылдары Ембі мұнай өндірісінде майлаушы болып еңбек еттім. («Заңға – құрмет, әлеуметке – әділет». Алматы. «Арыс», 2003 ж., 866).

Жоғарыдағы жолдардың авторлары тарихшы Болат Қабдөшев пен журналшы-заңгер Самат Ибраим Б. Айтмағамбетовтің қайраткер санатында қалыптасу жолын төмендегіше баяндайды:

1916 жылы қазақ даласын дүбірге бөлеген көтерілістер мен 1917 жылғы қос төңкеріс жас Боранның көзқарасының қалыптасуына, саяси оқиғалардың мәнісін түсінуге жетелегені анық. Ол сол кезде орыс тілін меңгерді, саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді. 1927 жылға дейін Доссорда және Мақатта мұнайшы, Еділ-Жайық мемлекеттік балық аулау тресінің жұмысшысы, тіпті Гурьев-Доссор теміржол құрылысын салуға да қатысады.

Тұрмыстың ауыртпалығын көп көрген төзімді Боран жұмысшылар арасында беделге ие болады.

Өндіріс саласында көп жыл еңбек еткен тәжірибелі жұмыскер әрі таптық тегінің жұмысшы болуы оның жауапты қызметке жоғарылауына жол ашады. Соның бір мысалы, 1927 жылы маусымда өткен жұмысшылардың алқалы жиынында Боран Айтмағамбетов Тау-кен жұмысшылары одағының Орталық басқарма төрағасының орынбасары болып сайланады. 1929 жылдың наурызында Қазақ кеңестік кәсіподақ мекемесіне бөлім меңгерушісі қызметіне жоғарылатылады. Сол жылдың қыркүйегінде Б. Айтмағамбетов БОКОК (ВЦСПС) жанындағы кәсіподақ қозғалысының Жоғарғы мектебіне оқуға жіберіледі.

Алты айлық оқуды тамамдап, еліне оралған Б. Айтмағамбетов Қазөлкекомның шешімімен 1930 жылдың сәуірінде Әділет комиссары және республика прокуроры болып тағайындалады. Сөйтіп, ол Қазақстан үкіметі мүшесі ретінде заң саласын басқаруды қолына алады. Өзінің алдында осы лауазымда әр жылдары істеген Ш. Бекмұхамедов, М. Атаниязов, Н. Нұрмақов, Ж. Сәдуақасов және тағы басқалар сияқты

өмірдің ащы-тұщысын татқан азулы саясаткер әрі қайраткер дәрежесіне әлі көтеріле қоймаған, сондай-ақ мамандығы заңгер де емес Боран Айтмағамбетовтің бірден мұндай жауапты қызметке жоғарылауын таптық тегімен, сол кездегі саясатқа орай «тазалығымен» деп түсінуге болады. Өз қарсыластарын билік басынан 1930 жылға дейін түгелге дейін аластатқан Қазөлкекомның хатшысы Голощекин «тапшылдықпен бүлінбеген» жаңа кадрларды өз еркінше іріктей бастаған кезі. Мәскеуден оқып келген жұмысшы табынан шыққан Боранның ыңғайлы кандидатура болғандығы сөзсіз.

Б. Айтмағамбетов жаңа қызмет тізгінін қолға ұстаған уақыт ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, индустрияландыру, астық-ет дайындау, таптарға қарсы күрес тәрізді шаруашылық әрі саяси науқандардың қызған шағымен тұспа-тұс келді.

Бірден айта кетелік, прокуратура, сот органдары 1930 жылдары әділдікті қорғайтын функциядан айырылып, партия органдарына тәуелді болып қалды. Байларды тәркілеу тұсында прокуратура қызметкерлері мұндай іске мүлдем қатыстырылмады. Үкім шығаратын атақты «Үштіктің» құрамына партия хатшысы, атком төрағасы, Бірлескен Мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) өкілі енгізіліп отырды.

1930 жылдың 1 ақпанында КСРО ОАК-і және РКФСР ХКК-інің: «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру шаралары және кулактарға қарсы күрес» деп аталатын қаулысында екі мәселе айрықша қойылды: жалдамалы жұмыс күшін пайдаланатын жеке шаруашылықтардың құқығы көрсетілген заңдардың күшін жою және жаппай ұжымдастыруға көшкен өлкелер мен автономиялық республикалардың үкіметіне кулактарға қарсы күрестің шараларын қолдануға, яғни тәркілеп, жер аударуға дейін еркіндік берілді.

Қазақстан үкіметі де осы бағытта бірнеше қаулы-қарарлар қабылдап, малды жасыру, сойып алу, салықтан бас тарту, алыпсатарлықпен айналысу, байлардың жалған колхоз құруы, таптық тегін жасырып сайлауға-сайлануға қатысуы және т. б. әрекеттерге қарсы қолданылатын жаза күшейтілді. Аталған шараларды жүзеге асыру облыс, аудан прокурорларына, халық судьялары мен тергеушілерге тапсырылды. Алайда прокуратура, сот органдарының істі қарау тәртібі мен ОГПУ-дің «үштік», «бестік» комиссияларының құзырында алшақтық болатын. Оның соңғылары саяси науқандар тұсында төтенше жа-

залаушы орган ретінде үкімді сол жерде шығарды. Ал прокуратура мен соттарда бұл істер айғақтармен дәлелденуі үшін арнайы тергеу жүргізілетін. Осындай зобалаң уақытта әділет және прокуратура органдарын басқару Б. Айтмағамбетовке оңайға түспегені анық, оның жеке басын айыптау да қиын. Себебі, оның жеке көзқарасын бейнелеген немесе қаралайтындай іс-қылығын көрсететін құжаттар кездеспеген. Ал ол кезде бір нәрсе анық еді, сол 30-шы жылдары партия нұсқауын орындамау, қарсы шығу дегеніңіз өлімге бас тігумен бірдей болатын. Оған мысал да жеткілікті. Айталық, 1932 жылдың 8 қарашасында Молотов пен Сталиннің Қазақстан басшылығына жолдаған нұсқауы бәрін де шошындырғаны мәлім. Астық дайындаудағы «қиыншылықтар» мемлекетті алдауға құрылған дей отырып, онда: «если в кратчайший срок не будет организован действительный перелом в хлебосдаче, они (ЦК и СНК) будут вынуждены прибегнуть к мерам репрессии...» (ҚРПА, 141 к., 1 т., 5235-іс, 139-140 п.) деп бір-ақ кеседі.

1933 жылдың қаңтарында Әділет комиссары және республика прокуроры міндеті ажыратылып, республика прокуратурасы Әділет комиссариатының жанында қала берді. Б. Айтмағамбетов өз бұйрығымен қаңтардың 9-ында республика прокуроры міндетін атқаруды бірінші орынбасары Мырзағұл Атаниязовқа тапсырады. Сот органдарына қарап келген тергеу аппараты енді прокуратура құзырына көшіріліп, алғаш рет прокуратура жеке басшысы бар орган ретінде комиссариат құрамында жұмысын бастайды. Ал кейінгі Қазақстанның дербес прокуратурасы қызметі көрнекті мемлекет қайраткері Сүлеймен Есқараев есімімен байланысты болды.

1933 жылдың шілдесінде Б. Айтмағамбетов Әділет комиссары міндетінен босатылып, Гурьев округтік атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Осы кез – Боранның қоғам қайраткері ретінде ұйымдастырушылық қабілетінің жарқырай көрінген тұсы.

\*\*\*

Ол енді барлық күш-жігерін Голощекиннің ұр да жық саясатынан аман қалған ауылдардың есін жидыртып, шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсады.

Осы өлкенің қамқор болар зиялы азаматтарымен бірлесіп, ел еңсесін көтеруге құлшынды.

Бұл шақта өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсара қойған жоқ-ты.

Рас, мұнай өндірісінде ілгерілегендік байқалуда еді. Ембі мұнайын көбейту ісі ыждағаттап қолға алынуда болатын.

Атырауда механикалық шеберхана, тігін шеберханасы, тері зауыты, тері бұйымдарын пішіп дайындайтын шеберхана, қой терісін илейтін зауыт, диірмен, баспахана, ағаш ұсталық шеберхана, кірпіш күйдіретін зауыт, кірәсін және алебастр өндіретін зауыттар жұмыс жасай бастаған-ды. Механикалық зауыт тұрғызылып, жаңа цехтар бой көтеруде еді. Ембі мұнайшылары зауытта құрастырылған «Ембі барлаушысы» атты мұнай өндіретін қозғалтқышты пайдаланды. Доссор, Мақат, Атырауда арнаулы курстар мен ФЗО-лар ашылды. Оларды бітіргендер тікелей өндіріске жіберіліп отырды.

Ал ауылдардағы жағдай онша мәз емес-ті. Партияның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын жүзеге асыру барысында жіберілген қателіктер шаруалардың тыныс-тіршілігін мүлдем төмендетіп жіберген-ді. Бұл шара ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың ұлттық салт-дәстүрлеріне қайшы келді. Жаппай ұжымдастыру кезінде байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты да жағдайды одан әрі ауырлата түскен еді. Әсіресе, мемлекетке өткізетін мал, астық, азық-түлік, т. б. тапсырмасы халықты әбден титықтатты. Күнкөрісінен айырылған ауылға аштық апаты төнді. Кейін ресми құжаттарда «асыра сілтеу» деп аталған қатыгез саясат елді ыдыратып, босқыншылыққа ұшыратты.

Бұл жайлы округ басшылары Орталық Атқару комитетіне, Халком кеңесіне жолдаған құжаттарда Гурьев аймағындағы аштық апатының көлемі, оған қажетті көмектің мөлшері, атқарылған шаралармен қатар нақты орын алған оқиғалар да айтылып отырған. Мысалы, мына бір жеделхат Халком кеңесіне Ұзақбай Құлымбетов атына түскен екен: «Гурьевтен... азық-түлік қиыншылығынан Қарабұғазға, Байрамалыға, Түрікменстанға, Махачкалаға ауа көшушілер күшейе түскені байқалады. 14 тамызда Махачкала бағытындағы параходпен 200-ден астам босқын кетті. Бозашы аймағының 18, 19-ауылдары топ-тобымен далада босып жүр... Мұқтаждарға көмек мәселесін мұнан әрі кешіктіру – босқыншылықты, одан да ауыр зардаптарды тудырады. Округте ешқандай ресурстар жоқ, көмек те алған емеспіз. Біздің 9-тамыздағы

сұранысымызға Сіздерден жауап келмеді, осы мәселені жедел түрде шешуіңізді өтініп сұраймыз. Ақботин, Айтмағамбетов» делінген.

Өкінішке орай мұндай жергілікті тұрғындарға шын жанашырлық жершілдік деп бағаланып, бүкпесіз ашық айтылған шындықтар жоғарыда отырған басшылардың кейбірін шошындырса керек. Көп кешікпей партия комитетінің 1935 жылғы ақпанындағы шешімімен Боран Айтмағамбетов Батыс Қазақстанның Казталов ауданына 1-хатшылыққа ығыстырылып жіберіледі. Кезінде республика Әділет комиссары әрі прокуроры болған, елге танымал болып қалған қайраткердің округке, кейін ауданға дейін қызметінің құлдырауы қуғындалудың басы еді.

Иә, отызыншы жылдардағы қазақтың бас көтерер азаматтарын аямай қуғындаған қасіретті белдеуден Боран Айтмағамбетов те сау қала алмады. 1937 жылдың күзінде алғашқылардың бірі болып Б. Айтмағамбетов «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынып, «жапон тыңшысы» болып шыға келді. Батыс Қазақстан облысында қабылданған шешімнің негізінде Орталық партия комитетінің бюросы сол жылғы 25 желтоқсанда өткен мәжілісінде Б. Айтмағамбетовты қызметінен алынғанын растап, оны барлық дәрежесінен айырды. Сөйтіп, 1929-1935 жылдары ҚАКСР ОАК-нің мүшелігіне кандидат, 1930-1933 жылдары Қазөлкекомның бюро мүшесі, БОКОК (ВЦСПС) мүшелігіне кандидат, бірнеше мәрте Қазақстандық және Бүкілодақтық съездерге қатынасқан Боран Айтмағамбетов жау атанып, бір жылдай НКВД жендеттерінің қолынан адам төзгісіз қорлық көреді. Ақыры, Қ. Құлымбетов тобында Кеңес өкіметіне қарсы белсенді әрекет жасаған «фашистер шпионы» деген жала жабылып, 1938 жылдың 13 қарашасында РСФСР Жоғарғы Соты алқасының үкімімен ату жазасына кесіледі.

Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен Боран Айтмағамбетов үшінші мүшелге толғанда, яғни небәрі 37 жасында нақақтан нақақ құрбан болды.

## **ТАРЫҚҚАН КҮНДЕР, ЗАРЫҚҚАН ЖЫЛДАР**

«1937 жылы екі милиционер келіп, әкемді алып кетті», – дейді 81 жастағы Роза апай. Оның маған қайырылып қарап: «Қызым, өкімет аққараны ажыратады... Мен – ақпын», – деген байсалды үні құлағымнан кетпейді...

Басымызға қара күн бұдан бұрынырақ төнген екен. Казталовкада тұрғанымызда әкеміз бір күні жұмыстан ренжулі келіпті. Айтуынша әкеміз Құлымбетов екеуі Ақботиннің үйінде болыпты, – деген айып тағылса керек. Осы бопсалауды малданып, партиялық билетін алып, жұмысынан босатылыпты...

– Ақиқатында аталған азаматтар кімдер еді?!

Дереккөздерге сүйенсек, олар да кеңестік өкіметтің нығаюы жолында белсенді күрескер санатында танылған жалынды патриоттар болған. Төмендегі өмірдеректері олардың осындай азаматтар санатында көрінгенін айғақтай түседі.

*Құлымбетов Ұзақбай Желдербайұлы*

(18. 3. 1891 Ақтөбе обл. Ырғыз ауданы – 25. 2. 1938, Алматы). Мемлекет қайраткері. 1904-10 жж. Ырғызда орыс-қазақ училищесінде оқыған. 1912 ж. Ақтөбеде педкурсты бітіріп, ауыл мұғалімі болды. 1917 жылдан қоғамдық қызметке белсене араласты. 1919-23 жж. Ырғыз уездік большевиктер ұйымының төрағасы, Ақтөбе уездік, Торғай губ. халық ағарту бөлімдерінің меңгерушісі Ақтөбе және Ақмола губерниялық партия комитеттерінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1923-25 ж. Ақмола губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде болды. 1925-35 ж. Қазақ АКСР Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, Қазақ АКСР ХКК-і төрағасының орынбасары, сауда халық комиссары қызметтерін атқарды. 1927-32 ж. Қазақстанда қалыптасқан жағдайға байланысты Ф. И. Голощекиннің озбырлық саясатына қарсы бас көтергендердің бірі болды. 1935-37 Қазақ АКСР-і (1936 ж. желтоқсанның Қазақ КСР-і) Орталық Атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

Осы кезеңде РКФСР құрамындағы Қазақ АКСР-і одақтас республикаға айналды. Қазақ КСР Конституциясы қабылданды. Құлымбетов 1937 ж. саяси-қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 1958 ж. 22-сәуірде КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының шешімімен ақталды.

*(Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық А., 2006. 533 б.)*

*Ақботин Хамит Сейталиевич, 1902 г. р.*

ур. Нуржауского аула Денгизского района, казах, член ВКП (б), в 1933-36 гг. – первый секретарь Гурьевского окружкома ВКП(б), в 1936-



1937 г. – зав. сельхозотделом Западно-Казахстанского ОК АКП (б)К. Осужден ВКВС СССР 08. 03. 38 г. по ст. 58-3,7,8,11 УК РСФСР приговорен к ВМН. Расстрелян 08. 08. 38 г. Реабилитирован определением Военной коллегии Верховного Суда СССР от 24. 09. 57 г.

*(Из книги «Живые узники сталинских репрессий». А., 2002. стр. 84)*

*Ақботин Хамид Сейтқалиұлы (1902-1938)*

– Социалистік құрылысқа белсене қатысушы партия-совет қызметкері. Гурьев облысының Теңіз ауданында кедей шаруа семьясында туған. 1927 жылдан КПСС мүшесі. 1925-29 ж. Теңіз, Бөкей, Орал және Сырдария губ. комсомол комитеттерінің секретары, 1929-30 жж. Сырдария округтік партколлегия секретары және бақылау комиссиясының председателі. 1930-32 ж. БК(б)П аудандық комитетінің секретары, 1932-36 ж. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Транспорт жөніндегі секретары, 1937 ж. Қазақстан өлкелік және Батыс Қазақстан облыстық партия комитеттерінің бөлім меңгерушісі, БК(б)П 16 (кеңесші дауыспен), 17-съездерінің және Батыс Қазақстан өлкелік партия конференцияларының делегаты.

*(Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1972. 204 б.)*

Пайымдап қарасақ, жоғарыда аты аталған арыстар өздерін туған халқының келешегінің кемел болғанын қалап, голощекиндік «Кіші Қазан», «Ұжымдастыру» саясатының қасірет әкелетінін көрсеткені үшін атылып кеткен. Олардың қай-қайсысы да халықты қарулы көтеріліске шақырып, иә бүліктер ұйымдастырып, елді дүрліктіріп, әбігерге салған жоқ-ты.

Үш арыстың бір үйде кездесуінің астары қандай екені бүгінгілер үшін беймәлім. Әйтсе де жастары қатарлас, кеңестік және партиялық органдарда иықтас жұмыс жасаған адамдардың дәмдес болып, бір-бірінің отбасымен араласып жүруі – адами қасиет, қазақы дәстүр. Ал дастархандас болғандары үшін ертеңіне ешбір тергеу-тексерусіз партия мүшесінің билетін тартып алып, жұмыстан босату қай ұйымның ережесінің шеңберінен шыққан әділетсіздік демеске амалыңыз жоқ.

Үшеуінің пікірлес болуы да ықтимал. Оған қоса Х. Ақботин мен Б. Айтмағамбетов Гурьев уездік партия комитетінде бірге жұмыс жа-

саған. Сол кезде гурьевтіктердің хал-ахуалының төмен екенін мәлімдеп, жағдайды жақсарту жөнінде республика басшылығына жеделхаттар жібергені – ақиқат. Десек те олардың бұл жан айқайы қарақан басының қамын ойлаған жандардың жалған дабылы емес-ті. Солақай саясаттың дүмпуінен жәбір-жапа көрген бауырлар халдерінің мүшкілдігін ескертіп, қолдан келгенінше оларға демеушілік жасаудың қажеттігін қаперлеу ғана еді. Ал бұндай жағымсыз хабарды жеткізгені үшін Боран жазалы болып, облыстық деңгейдегі қызметтен босатылып ауданға жұмысқа жіберілген-ді.

Голощекиндік әпербақандардың аупартком хатшысының партбилетін тартып алып, өзін жұмыстан қуып жіберуі шектен шыққан озбырлық екені сөзсіз. Оған қоса дастархандас болды деген желеумен жоғарыда аталған Х. Ақботин және Б. Айтмағамбетов екеуі – 1938 жылы, ал Ұ. Құлымбетов – 1937 ж. атылып кеткен. Үшеуі де 1958 ж. ақталған.

Сөйтіп ел басында жүрген азаматтар аз-ақ күннің ішінде қарақан басын қорғауға дәрмені жетпей қалады. Сонсоң Боран елге (қазіргі Атырау) оралып, туыс-туғандардың үйін баспаналап, тіршілік қамын ойластыруға мәжбүр болады. Қала шіркеуінің маңындағы саман тастан тұрғызылған жатаған үйді жалға алады да жұбайы Әдиша, қыздары Роза мен Сара, ұлы Тасболат – бесеуі сонда паналап, қысылып-қымтырылып күн кешеді. Сол пәтердің маңында енесі Нұрқан ана да тұрды. Оның да отбасында бас көтерер жандары болмаса керек. Қыздары Әсем, Хамида, немересі Нағима, жиен қызы Жәміш – бесеуі күйкі тіршілікті бастан кешіпті.

Төбесінен мұнай себелеп тұрғанда сор-батпақты кешіп жүріп, сұйық отын өндірген, мұнайшы әріптестерімен бірге еңбекте шындалған, туған жердегі мұнайшылардың мұңын мұндап, қабырғасы қайысқан жігіт қарақан басын қорғап жүргеніне намыстанады ма, әйтеуір, бір күні жергілікті ресми кеңселердің есігін ашады. Олар мұны «қуана» қарсы алады.

Көп кешікпей «Халық жауының» күйесі жағылған асыл азамат арамзалардың әділетсіз шешімі бойынша атылып кетсе керек. Ол жөнінде 2002 жылы Алматыдағы «Өлке баспасынан» шыққан «Рух-память». «Живые узники сталинских репрессий» атты Азалы кітаптың 123-бетінде төмендегідей мәліметтер жазылыпты:

553. Айтмағамбетов Боран, 1901 г. р.

ур. аула Саркуль Доссорского района Гурьевского округа, казах, член ВПР(б), образование высшее, секретарь Казталовского района КП(б) Казахстана. Осужден тройкой при УНКВД 13. 11. 38 г. Осужден по ст. 58-2,7,8,11 УК РСФСР, приговорен к ВМН. Расстрелян 31. 11. 38 г. Реабилитирован Военной коллегией Верховного Суда СССР 12. 04. 58 г.

*Основание: книга скорби ЗКО.*

Енді Гурьев (Атырау) қалалық Азаматтық хал актілерін жазу бюросы берген І-ФЮ №048606 санды «Өлім туралы куәліктегі» жазбаларға назар аударалық:

*Азамат Айтмағамбетов Боран 10. X. 1939 ж. өлді.*

Өлімінің себебі: *неизвестна*

Бұл жөнінде азаматтық хал актісінің өлім туралы 1957 жылы декабрь айының 9 күні тіркеу кітабына 45-нөмірлі жазба белгіленген.

*Өлген жері (қаласы, селосы): Мақат;*

*Ауданы \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_*

*Республикасы КазССР*

*Тіркелген жері: горбюро ЗАГС*

*г. Гурьев, КазССР*

*Берілген уақыты: 9 декабря 1957 г.*

азаматтық хал актісін

жазу бюросының меңгерушісі: қолы, мөрі

(Құжат түпнұсқа бойынша көшірілді. )

Екі құжатқа зер салып қарасаңыз бір адам туралы екі түрлі мәлімет берілген.

Салыстырып көріңіз:

*Азалы кітап:*

- приговорен к ВМН

(ең жоғарғы жаза кесілген)

*АХАТ куәлігі:*

– өлімнің себебі:

неизвестна.

- расстрелян 31. 11. 38 г.	10. X. 1939 өлді.
- Реабилитирован Военной коллегией Верховного Суда СССР	АХАТ кітабында тіркелген, (яғни, 8 жыл өткен соң) 12. 04. 58 9. 12. 57 ж. өлген жері Мақат

Құжаттар көрсетілген жылдардағы басқару жүйесінде орын алған өрескел қателіктерді әсіресе, құқық қорғау, басқа да заңдылықтардың орындалуын бақылайтын орындардағы өрескелдіктер мен бұрмалаушылықтардың орын алғанын байқатса керек. Содан да Б. Айтмағамбетовтің ақ-қарасы анықталмай-ақ сол жылы өмірі үзілді делінсе, келесі жылы сол адамның тағы да жантәсілім жасағаны жөнінде анықтама берілген. Қарадүрсін сөйлесек, бір адам биыл атып өлтірілсе, келесі жылы әлгі адам Б. Айтмағамбетов бимағлұм жағдайда қаза тапқан. Сондай-ақ, хабарын ести алмай жүрген адам Мақат кентінде баз кешкені белгілі болыпты. Неткен жауапсыздық!...

Ақиқатында Б. Айтмағамбетовтің өмірі сол 1938 жылы қиылса керек. Иә, отызыншы жылдардағы қазақтың бас көтерер азаматтарын аямай қуғындаған қасіретті белдеуден Боран Айтмағамбетов те сау қала алмады. 1937 жылдың күзінде алғашқылардың бірі болып, Б. Айтмағамбетов «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынып, «жапон тыңшысы» болып шыға келді. Батыс Қазақстан облысында қабылданған шешімнің негізінде Орталық партия комитетінің бюросы сол жылғы 25 желтоқсанда өткен мәжілісінде Б. Айтмағамбетовтің қызметтен алынғанын растап, оны барлық дәрежесінен айырады. Сөйтіп, 1929-1935 жылдары ҚАКСР ОАК-ң мүшелігіне кандидат, 1930-1933 жылдары Қазөлкекомның бюро мүшесі, БОКОК (ВЦСПС) мүшелігіне кандидат, бірнеше мәрте Қазақстандық және Бүкілодақтық съездерге қатынасқан Боран Айтмағамбетов жау атанып, бір жылдай НКВД жендеттерінің қолынан адам төзгісіз қорлық көреді. Ақыры Ұ. Құлымбетов тобында кеңес өкіметіне қарсы белсенді әрекет жасаған «фашистер шпионы» деген жала жабылып, 1938 жылдың 13 қарашасында РСФСР Жоғарғы Соты алқасының үкімімен ату жазасына кесіледі. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен Боран Айтмағамбетов үшінші мүшелікке толғанда нақақтан нақақ құрбан болады.